

**Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 284 "Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 27 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 5427 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 284 "Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4242 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 қарашада "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2017 жылдың 7 қарашасында электронды түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбында, 1 тармағында және қосымшаларында "Оңтүстік Қазақстан облысы" деген сөздер "Түркістан облысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшаларында "ОҚО" деген сөздер "ТО" деген сөздермен ауыстырылсын.

1. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ.Қ. Айтмұхаметов*

*Ә.Е. Тұрғымбеков*

*Ж.Е. Аманбаев*

*С.А. Қалқаманов*

*Ө. Шөкеев*

*М.И. Мырзалиев*

*Ұ.Қ. Тәжібаев*

*А.А. Абдуллаев*

*А.Б. Тасыбаев*

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ "Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 284 "Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК